

"Қалалық коммуналдық меншіктегі ұйымды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №4861 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 7597 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 сәуір № 5801 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № 16760 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 26.11.2020 № 16760 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қалалық коммуналдық меншіктегі ұйымды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 4861 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5371 тіркелген, "Ақмешіт ақшамы" газетінде 2016 жылғы 5 наурызда № 21-22, "Қызылорда Таймс" газетінде 2016 жылғы 2 наурызда № 11, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 17 наурызда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

А. Шәменов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының

қаржы басқармасы"

мемлекеттік мекемесі

басшысының міндетін

атқарушы

Р.М.Құдайбергенов

"11" сәуір 2017 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 11 сәуірдегі
№ 7597 қаулысына қосымша

**Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілетін "Сырдария" балалар сауықтыру лагері"
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

№	Занды тұлғаның атауы	Жекешелендіру мерзімі	Жекешелендіру түрі
1	"Сырдария балалар сауықтыру лагері" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Қараша, 2017 жыл	Кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру